

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі бойынша тәлімгердің 1 Қыркүйек Білім күніне орай өткізілген іс-шара есебі.

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 1Қыркүйек Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өткізілді. 1сыныпқа қадам басқан бұлдіршіндеріміз әдеби монтаж және әндерін айтты. Ата-аналар мен ұстаздар тарапынан жылы лебіздер мен құттықтау сөздер айтылды. Алғашқы қоңырау соғу рәсімі болды. Биылғы 11сынып түлектері бұлдіршіндерге сыйлықтарын табыстап, құттықтады.



27.09.2023 ж Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде «Тіл мерекесіне» орай ұйымдастырылған онкүндік аясында «Ұлтты біріктірген ұлы тіл» атты тақырыпта қойылым өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға тіл туралы сұрақтар қоя отырып, үш тілде білімдерін тексеру, ой-өрістері мен танымдарын дамыту, тіл туралы ойларын дамытып, шапшаңдыққа және тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

Қойылымға көңілді аюлар мен әр ұлт бойынша киінген қонақтар келді. Қонақтарымыз оқушыларға арнап, кішігірім сыйлықтар алып келді. Оқушыларымыз қойылған сұрақтар мен тапсырмаларға жауап берген жағдайда сыйлықтар табысталды. Қойылымға оқушылар да, ұстаздар да өте белсене қатысты. Қойылым соңында қонақтарымызды қол бұлғап шығарып салдық.





«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!» дегендей, ұстаздар мерекесіне орай қабырға газеті шығарылып, ілінді. Қабырға газетін өзін-өзі басқару ұйымы мен тәлімгер ұйымдастырып, шығарды.



1 қазан Қарттар күніне орай «Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария» тақырыбында қабырға газеттері шығарылып, ілінді. Қабырға газеттерін мектеп парламенті яғни өзін-өзі басқару ұйымы мен мектеп тәлімгері жасап ілінді.



Кеңбидайық ауылының ЖОББМ бойынша мектеп тәлімгері сыныптардағы өзін-өзі басқару ұйымдарын және мектеп президентін сайлауды өткізді. Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша өткізілген мектеп парламентінің президентін сайлауы нәтижесінде 95% дауыс жинаған 9 сынып оқушысы Ашукен Ернар Ғалымұлы. Бүгінде әнұран орындалып, ант беріліп мектеп президентінің ұлықтауы болды. Алдағы уақытта жоспары бойынша мақсатына жетіп, оң нәтиже болатынына сеніміміз мол!



Қыркүйек айының соңында Отбасы күнін атап өту отбасы құндылықтарды ілгерілетуге және отбасының оң имиджін дамытуға, мәртебесін арттырып, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін жоғарылатуға ықпал ететін ерекше тәрбиелі мереке болып табылады. Осыған орай «Отбасым – бақыт мекені» атты тақырыпта ата-аналармен жұмыс түрін жүргізіліп, өтті. Әлеуметтік педагог С.А.Искакова баяндама оқыды және мектеп психологы Л.Қ.Даменова және тәлімгер Ш.М.Шопанова ата-аналарға сурет салғызып, суреттер арқылы отбасылық құндылықтарды насихаттады.



23 қазан күні жоспарға сай, Республика күніне орай «Республика – ерікті ел Қазақстан» тақырыбында қабырға газеттері шығарылып, ілінді. Қабырға газетін жасап ілген өзін-өзі басқару ұйымы мен мектеп тәлімгері.



**«Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ бойынша**

Аға тәлімгердің

I тоқсан атқарылған жұмыстар есебі

Орындаған: Ш.М.Шопанова

2023-2024 оқу жылы

Қарашаның 7-сі күні, мектеп тәлімгерінің жоспарына сәйкес, мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын, тазалығын, кітап тазалығын тексеру жұмыстары жүргізілді. Оған атсалысқан мектеп тәлімгері және өзін-өзі басқару ұйымы. Әр сыныпты аралап, кітап, дәптер, күнделіктері тексеріліп, ескертулер жасалып, келесіде ұқыпты, таза және кірлетпей ұсталатындығы жайлы айтылды.







15 – қараша валюта күніне орай, «Теңге – Тәуелсіздік келбеті» атты қабырға газеті шығарылып, ілінді. Қабырға газетін өзін-өзі басқару ұйымы мен бірлесіп жасалды.



Қараша айының 17 -і күні «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған суреттер көрмесі» ұйымдастырылып, жасалды. Аға тәлімгер мен бірлесіп өзін-өзі басқару ұйымы бірлесіп, қабырға газеттерін жасап, шығарып, ілді. Және оқушылар жемқорлыққа қарсы бағытталған суреттер салып әкеліп, ілінді.



Қараша айының 20 – сы күні Кеңбидайық ауылының ЖОББМ бойынша «Темекі шегуге қарсымыз» атты тақырыпта жалпы мектеп оқушыларының қатысуымен флешмоб өткізілді. Ұйымдастырған аға тәлімгер және мектеп парламенті.




19 – қараша Халықаралық темекі шегуге қарсы күрес күніне орай «Біз темекісіз Қазақстанды қолдаймыз» атты тақырыпта тәрбие сағаты өткізілді. Және мектеп медбикесі «Жаны саудың дені сау» атты тақырыпта бұрыштар ұйымдастырды.



29 -қараша күні дебат клубының мүшелерінің және өзін-өзі басқару ұйымының қатысуымен «Қоғамдық тәртіп негіздері» атты тақырыпта пікірталас өткізілді.

Мақсаты: Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. Оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, әдептілікке, сыпайылыққа баулу, көпшілік орындарда өзін – өзі ұстай білуге дағдыландыру.



«1 – желтоқсан Дүниежүзілік СПИД – ке қарсы күрес» күніне орай оқушылармен дөңгелек үстел өткізілді. Бұған өтуіне атсалысқан мектеп медбикесі және аға тәлімгер. Мектеп медбикесі оқушыларға алдын алу мақсатында оқушыларға баяндама оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. **Мақсаты:** Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын алу, оның жұғу жолдарын одан сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілік, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеу.



Кеңбидайық ауылының ЖОББМ бойынша 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай, «Тәуелсіздік орындалған арман» тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымымен қабырға газеттері шығарылып ілінді. Мақсаты: Оқушыларға Тәуелсіздіктің кімдердің қанымен, қандай ауыртпалықпен келгендігі жайлы көрсетіп, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды әрбір қазақ баласының бойына дарыту.



15 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына оқушыларды қабылдау рәсімі -өткізілді. Мақсаты: Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Жас Ұлан ұйымын 5 сынып оқушылары яғни 11 оқушы қабылданса, Жас Қыран ұйымына 2 сынып оқушылары яғни 8 оқушы қабылданды.



Жаңа жыл мерекесіне орай, жаңа жылдық қабырға газеттері шығарылып, фото зона жасалды.



Жаңа жылдық шырша жасалып, ертеңгіліктер өткізілді. Және фото зона жасалып, оқушылар фотоға түстіп мәз-мейрам болды.



**«Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ бойынша**

Аға тәлімгердің

II тоқсан атқарылған жұмыстар есебі

Орындаған: Ш.М.Шопанова

2023-2024 оқу жылы

